

## ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

*Е.Б. Сыдықов*  
*Астана қ., Қазақстан*

### АКСЕЛЕУ СЕЙДІМБЕК ЖӘНЕ ҚАЗАҚТЫҢ АУЫЗША ТАРИХЫ

<http://www.enu.kz>

Егеменді ел болғаннан кейін, оның тарихы, бүгінгі күні және болашағы болуы шарт. Қазақ елі де ерте заманнан бері уақыттың үш кезеңін бір ұстаған, тарихын терең қаузап, болашағын болжаған халықтардың бірі. Тарихсыз бүгінгі күн, бүгінгі күнсіз болашақ жоқ. Қазақтың ел ағалары, шежіреші ғалымдары осы мәселені қашанда ойда ұстаған. Тым ерте заманда өмір сүрген ойшылдарды мысалға алмаған күнде, күні кеше ХХ ғасырдың басында «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресін» жазған Шәкәрім Құдайбердіұлы «*Атаны атағанмен білім артпас, Сүйтсе де білген адам құры жатпас. Қыбырлаған қиыннан шығар деген, Қозғалмасаң қолыңнан кісі тартпас*» дейді. ХХ ғасырға отарлық қамытпен енген қазақ халқы үшін тарихтың орыны ересен еді. Себебі ғаламды жаңғыртып жаңа постиндустриалды дәуір келе жатты, жаһандандық соғыстардың ойраны саны аз, сапасы жоқ, білімсіз елдерді жалмап, адамзатты еуропалықтардың талап-түсініктеріне орай унификациялауды бастады. Қазақтың ұлы тарихшыларының ХХ ғасырдың басында «*Құлақ сал, алаңдамай анық сөзге, кім кейін, кім ілгері көрер көзге, Артыңды оқып, алдыңа көз жіберсең, Ел бар ма, есер, епсіз бізден өзге*» деп қынжылуы осы себептен.

Егеменді ел өз тарихын жатқа біліп, оның қорынан ұлттық-мемлекеттік, саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани көшке қажетті құндылықтарын жинақтап отырады. Ақселеу ағамыз «Қазақтың ауызша тарихы» кітабында әр елдің өз тарихына үніліп, сол тарихтың қазынасынан қажетті білімді игеріп, оны келешекке пайдаланып отыруды «жасақтау» деп атады. «Жасақ» бір жағынан әскер өмірге қатысты сөз сияқты көрінгенімен, әр елдің өмір үшін, болашақ ұрпақ үшін күресі жаугершіліктен несі кем?! Бұл да майдан даласы сияқты, кім сылбыр, білімсіз, жадысыз болса сол жеңіліске ұшырайды, кім жылдам, білімді, рухты болса сол жеңіске жетпек.

Тарихи білім қашанда мемлекет үшін идеологиялық тұжырымдама, қоғамдық пікірдің, патриотизмнің, рухани мәдениеттің ірге тасы. Егер мәселенің түп-тамырына қарасақ қандай бір елдің алға жылжуына кепіл болатын алдымен тарихи білім. Ол білім мемлекет үшін күресте адамдарды жігерлендіреді, жеңіске сенімділік береді, тіпті болмағанда адамдардың басын бір жұмырдықтай бір орталыққа қосады. Қазақтың ауызша тарихы да осы міндеттерді көптеген ғасырлар бойы қапысыз орындап отырған. Егер біз қазіргі күнде ғылыми ортада қолданып жүрген терминдерді пайдалансақ қазақ шежіресі халқымыздың тарихының тұжырымдамасы деп айта аламыз. Түптеп келгенде тұжырымдама біртұтас этнос үшін уақыт көшінен қалмау, дұрысы сол көштің қозғаушы күшіне айналуына керекті рухани азығын қамдап алу үшін қажет. Тарих қашанда бір сұраққа жауап береді, ол кеше кім едің, бүгін қандай күйдесің, ертең қалай болады? Бұл сауалдардың кез-келген халықтың асыл ұлдарын ұдайы толғандыратындығы ғана емес, бір-бірінен ажыратылмай бірлікте пайымдалатыны да қапысыз шындық. Тарихшы ғалымдарымыздың пікірінше халықтың жады мен санасының жинақталып бір арнаға құяр тұсы ұлттың біртұтас бірлік идеясы болса, ол идеяның рухани азығы бірнеше мыңжылдықтардан бастау алатын Еуразия халықтарының аңыз-шежірелерінде жатыр.

Бүгін арнайы конференцияны арнап отырған өмірден ерте озған қымбатты ағамыз, еңселі ғалым Ақселеу Сейдімбекұлы өзінің соңғы шығармашылық шабытын қазақ халқының тарихына арнады. Еуразия құрылығының кіндік ортасында туып- өскен,

даланың кеңдігіндей көкжиегі ересен, қыр адамының елгезек қабілетін, тарих пен этнография туралы терең пайымын Ақаң Еуразиялық қазақ шежіресіне арнап еді. Ақаң өзінің шығармашылығының шыңы болған бұл өзекті тақырыпқа ондаған жылдар ғұмырын арнады деп есептейміз. Ең бастысы Ақаң бұл тақырыпты қазақтың тарихының қайнар көзі деп қана білген жоқ, ол шежірені қазақтың өмір сүру құндылықтарының құрылымы мен мазмұнын қалыптастырған, дала тайпаларын ел және мемлекет қылған терең қазына деген баға берді. Бұл еңбек осыған дейін ғалым-жазушының қазақтың тарихы мен мәдениетіне, этнографиясы мен әдебиетіне қатысты жазылған толып жатқан кітаптарының квитеэссенциясы (қорытындысы) десек те болады. Ақаңның өзі де осы тақырыпқа ертеден-ақ көңіл қойғанын «Қазақтың ауызша тарихы» атты кітабының алғашқы беттерінен оқимыз: *«Кеңестік идеология адамдардың құндылықтарды парықтау болмысын мақсатты түрде өзгертті. Ұлтты ұйыстырушы ең бір жанды тетік болып табылатын дәстүр сабақтастығы тәрк етілді. Кеңестік жүйеде мұндай үрдіске мойыну әрбір адам үшін өмір сүрудің бірден-бір кепіліне айналды. Нәтижесінде, ұлттың өзге де мәдени-рухани құндылықтары сияқты, шежірешілдік дәстүр де «ескеліктің зиянды қалдығы» ретінде қағажу көрді. Сөйтіп, өз тарихы туралы халықтың өзі айтатын небір құнды деректер, әсіресе, қоғамдық тәртіп пен адам сапасын дәріптейтін ұлағатты естеліктер, дәстүрлі таным үлгілері ұмыт бола бастады. Тіптен, шежірелік аңыздар фольклорлық мұра ретінде зерттеу объектісінен тыс қалды. Халықтың өзін өзі тануға негізделген ұлы дәстүрі құнсызданып, тарихи жады күңгірт тартты.*

*Міне, осындай ахуал менің көңілімді ұдай алаңдатып келгенін жасыра алмаймын»* дейді.

Ақаңның «Қазақтың ауызша тарихы» оңай жазылмағанын осы Еуразия ұлттық университетінде Ақаңмен қатар қызмет жасаған, араласқан азаматтар да растайды. Бұл кітаптан Ақаңның елімнің, қазағым шежіресі деп соққан жүрігінің лүпілін де, шығармашылық еңбектің адамды қажытатын ауыр салмағын да, болашақта қазақтың асыл дәстүрлері қаншалықты сақталады деген азамат көңілінің алаңын да сеземіз. Бір сөзбен айтқанда бұл кітап тек санамен ғана қабылдайтын күрделі ғылыми дүние ғана емес, сонымен бірге жүректі тербейтін, халқымыздың тарихы мен этнографиясына деген махаббатқа толы мақтаныш сезімдерге бөлейтін дүние.

Ақселеу Сейдімбектің «Қазақтың ауызша тарихы» тәуелсіздік жылдарындағы қазақ тарихы және этнография сияқты ғылым салаларында жеткен жетістіктеріміздің көрсеткіші десек қателеспейміз. Бұл еңбек қоғам мен ұлттың сұранысының өтеуіне тұрарлық еңбектердің бірі ғана емес, бірегейі ретінде қазақтың дәстүрлі мәдениеті мен этникалық болмыс-бітімінің айшықты бейнесі. Қазақ оқырманына жол тарқан бұл кітап – ұлттық құндылықтарымызды қызғыштай қоритын зерттеу ғана емес, сол құндылықтарды этнографиялық және этнологиялық ғылымның қазіргі жетістіктері тұрғысынан тарихи шындыққа сәйкес шынайы түрде саралап беретін еңбек. Оқырманының жан дүниесіне әсер ететін, тұжырымдамалық мазмұны тереңге тартқан бұл еңбектің мемлекет тарапынан қабылданатын этнозерделік тұжырымдамаларға да қорек болуы керек-ақ. Қазақтың дәстүрлі қоғамының құндылықтарын жарқырата көрсеткен Ақаңның зерттеу жұмысы ұлттық және отаншылдық сананы қалыптастыру үдерісіне әсер ету мүмкіндігін алса, ол бағдарламалардың құны әлдеқайда арта түскен болар ма еді деген ой мазалайды.

Ақаң Сейдімбектің «Қазақтың ауызша тарихы» кітабы оқырманға жол тартқанына, міне төрт жылдай уақыт болды. Совет дәуірінде қазақтың шежірелік тарихы, өзінің ұлттық мемлекеті, ұлттық идеологиясы деген мәселелерден әбден зәрезап болған ел біртіндеп тарихты жаңа оқуға талпынып келе жатқандай. Ақаңның кітабында идеологиядан әбден қаймығып қалған қазақ қоғамның тарихи жай-күйі мүлдем жаңаша тұжырымдалған. Жәй ғана тарих баяндаып қойған жоқ, сонымен бірге ру-тайпалардың астарында қалып келе жатқан құбылыс -мемлекет құрылымы аса бір ыджидхатты түрде көрсетілген. Ақселеу Сейдімбек XV ғасырдың ортасында Қазақ хандығының құрылғанда

жаңа мемлекеттің іргетасын бекемдеу үшін рулық, тайпалық, жүздік құрылымдардың жаңадан жасақталғанына бұлтартпас дәлелдер келтіріледі. Зерттеуші бұл жерде қазақ этникалық құрамының жасақталу үдерісіне тек аталас туыстық емес, сонымен бірге тарихи тамырластықтың әсер еткенін баса көрсетеді. Расында да қазақ этносы сияқты құрылым бұл сыртқы көрінісі трайболистік, яғни ру-тайпалық сияқты көрінгенімен, ішкі мазмұнының тек саяси мүдде тұрғысынан, мемлекет құру қажеттілігінен туындағанын көреміз. Қазақ қоғамының мемлекет есебінде өмір сүру тетігі ерекше болғанын әдет-ғұрып заңдары, жол-жоралғы, ата-баба дәстүрі сияқты этнографиялық институттар арқылы Ақаң тамаша баяндайды.

Қазақ халқының біртұтас бөлінбейтін этнос екендігін құрамындағы рулар мен тайпалар түзілімінің тарихын зерделеу арқылы көз жеткізген Ақселеу Сейдімбек ұлттың болмыс-бітімін, өзіндік сипатын, мәдениеті мен дүниетанымын жете түсіндірудің табиғи-тарихи кілтін тауып, ру-тайпа төңірегіндегі небір алыпқашпа әңгімелердің түпкі мәніне нүкте қойды деген ойдамыз.

«Қазақтың ауызша тарихы» қамтыған мағлұматтардың дені шежіреге қатысты. Олай болатыны заңды да. Дәстүрлі ұғымда тарихтың тікелей баламасы осы шежірелік деректер. Сол үшін де зерттеуде бірыңғай ақпараттық кеңістік ұғымы іс-жүзінде шежірелік мәліметтермен шектелген. Бұған қосып-аларымыз жоқ.

Қазақтың ауызша сөз өнері түр, жанрлық құрамы жағынан әлемдік фольклордың алдыңғы сапында екендігі, оларды тек көркем сөз өнері ретінде қарастыруды айтпағанның өзінде, тарих, этнография, тіл, философия, құқық, дін, этика, эстетика, педагогика, психология сияқты пәндердің ұлттық тарихи дерек көзі сол ауызша мұрадан бастау алатыны қазір күмән тудырмайтын шындық. Түптеп келгенде, шежірелік дәстүр халықтың өз тарихына деген көзқарасы мен тұжырымдамасының жиынтығы. Бүгінгі күні қазақтың ауызша тарихы жазбаша тарихқа айналып болды десек те дұрыс, шежірені жетік білетін, өтірікті өрге бастырмайтын данагөй қариялары көшкен елмен бірге кетті. Осы тұрғыдан Ақселеу Сейдімбектің «Қазақтың ауызша тарихы» еңбегі өткен заман мен бүгінгі күннің арасындағы алтын көпір сияқты. Ақаң да өзінің көзі тірісінде өткен заманның – қазақтың сері заманының бір белгісі сияқты еді, оның жазған «Қазақтың ауызша тарихы» да көшпелі дүниенің алтын сынығындай.